

**ЖШС «GS Altyn Ai» бөбекжай балабақшасының
Педагогикалық кеңес**

ХАТТАМА № 1

29.08.2023.жыл

Қатысқандар : 8

Қалғандар: жоқ

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «GSAltynAi» балабақшасының педагогикалық кеңес төрағасы мен хатшысын сайлау
2. «GSAltynAi» балабақшасының 2023 -2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын бекіту
3. Педагогтардың 2023 -2024 оқу жылында ұйымдастыратын іс әрекеттер кестесін топтардағы күн тәртібін бекіту.
4. Топтардың жабдықталуы оқу жылына дайындығы жайлы бақылау қорытындысын сараптау

Алғы сөз: «GSAltynAi» балабақшасының менгерушісі Г.Алмағанбетова педагогикалық ұжымды жаңа оқу жылымен құттықтап, жылдық педагогикалық жұмыстың мақсат міндеттерімен таныстырды.
Педагогикалық кеңес жұмысын жыл бойында атқару үшін төрағасы мен хатшысын сайлауды ұсынды

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Ж.Сәдуақасова – әдіскер. Педагогикалық кеңес төрайымы етіп «GSAltynA » балабақшасының менгерушісі менгерушісі Г.Алмағанбетова сайлауды ұсынды.
Хатшы етіп Аппаз Айым Еркінқызын ұсынды.

Қаулы: Жалпы педагогикалық ұжым аталға,ұсынысты мақұлдады

Баяндау сөз: « GSAltynAi» балабақшасының менгерушісі Г.Алмағанбетова 2023 -2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспар мазмұнын баяндады.
Жоспардағы оқу-тәрбие жұмыстарының мазмұнын талқылап, бекітуге ұсынды

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. «GSAltynAi » балабақшасының 2023 -2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілсін

Баяндау сөз: Г.Алмағанбетова «GSAltynAi» балабақшасының менгерушісі 2023 -2024 оқу жылында ұйымдастыратын іс әрекеттер кестесін топтардағы күн тәртібі мазмұндарымен таныстырды.

Ұсынылған оқу іс әрекеттер кестесі мен күн тәртібі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт (ҚР оқу ағарту министірлігі 3.08 2022ж № 348 бұйрығы) және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы №557 бұйрығы негізінде құрастырылғанын атап көрсетті.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: «GSAltynAi» балабақшасының 2023 -2024 оқу жылында ұйымдастыратын іс әрекеттер кестесі мен топтардағы күн тәртібі бекітілсін

1. Педагогикалық кеңестің күн тәртібіндегі төртінші сұрақ «Топтардың жабдықталуы оқу жылына дайындығы жайлы бақылау қорытындысын сараптау» мәселе бойынша

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

«GSAltynAi» балабақшасының менгерушісі Гулдана Пірімжанқызы, өз сөзінде топтардың жабдықталуы жаңа оқу жылына жаңа ойыншықтар мен жаңа оқу құралдарымен толықтырылғаны жайлы айтты. Сонымен қатар әр топ тәрбиешілерінің арнайы білім алу және ойын орталықтарын дайындағанын, олардың балаларға қолайлы және эстетикалық санитарлық талапқа сай жасалғанын бағалап, сапасы жақсы деңгейде деп бақылау қорытындысын жеткізді

ҚАУЛЫ ЕТТІ: «GSAltynA» балабақшасының 2023 -2024 оқу жылында топтардың жабдықталуы талапқа сай деп есептелсін

Төрайымы:
Хатшы:



Г.Алмағанбетова
А. Аппаз

**ЖШС «GSAltynA» бөбекжай балабақшасының
Педагогикалық кеңесі**

ХАТТАМА № 2

13.10.2023.жыл

Қатысқандар : 7

Қатыспағанда: 0

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Баяндама «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың даму моделі
2. Балаларды тәрбиелеу мен білім алу дағдыларының қалыптасуының бастапқы мониторингісі
3. Күн ережесінде екінші жартысында ортаңғы, ересек топтарында күн тәртібінің орындалуы

1. **Тыңдалды:** тәрбиеші Бухарбаева Роза «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың даму моделі» тақырыбында баяндамасы тыңдалды.

Сұрақ қойылды: Ұсынылған даму моделі бойынша әр топ өз моделін жасай алама?

Жауап: тәрбие мен оқытудың даму моделі әр топта қарастырылуы тиіс, сонымен қатар әр жеке тәрбиеленушінің де даму моделін құруға болады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Баяндамада ұсынылған даму моделі бойынша «GSAltynA» балабақшасының тәрбие мен оқытуды дамыту моделін жасау

Мерзімі - бір апта

Баяндау сөз: менгерушісі Гулдана Пірімжанқызы

1. Балаларды тәрбиелеу мен білім алу дағдыларының қалыптасуының бастапқы мониторингісі қыркүек айының басында ұйымдастырылды. Барлық топтарда балалардың даму дағдыларының бастапқы деңгейлері анықталып арнайы жеке даму қарталарында белгіленді. Алдағы уақытта ақпан айында ағымдағы бақылау арқылы балаларды тәрбиелеу мен білім алу дағдыларының даму деңгейінің мониторингісі қаралады және салыстырылады

ҚАУЛЫ ЕТТІ: 2024 жылдың қаңтар айында бақылау арқылы балаларды тәрбиелеу мен білім алу дағдыларының даму деңгейінің мониторингісін уақтылы жаса

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Педагогикалық кеңестің күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша «ортаңғы, ересек топтарында күн ережесінде екінші жартысында, күн тәртібінің орындалуы» жайлы тәрбиеші Назарова Арайлым ақпарат берді.

Ол сөзінде күннің екінші жартысында әр топта ауыспалы ойын орталықтары ата аналар көмегімен жасақталғанын атап. Ол орталықтарда балалармен қоршаған ортамен танысуда зерттеушілік әрекеттерді жасау және шығармашылық дағдыларын қалыптастыру іс әрекеттері түрлендіріліп ұйыдастырылып жатқанын видео көрсетілімдермен таныстырды

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Ортаңғы, ересек топтарында күн ережесінде екінші жартысында ұйымдастырылатын желілі және дидактикалық ойындар құралдарын толықтыру

Мерзімі: келесі педагогикалық кенеске дейін

Төрайымы:

Хатшы :



Г.Алмағанбетова

А. Аппаз

**ЖШС «GSAltynA» бөбекжай балабақшасының
Педагогикалық кеңесінің**

ХАТТАМА № 3

12.12.2023.жыл

Қатысқандар :6

Қатыспаған :1 (белгілі себепен)

КҮН ТӘРТІБІ:

- 1.Өткен пед. кеңес шешімінің орындалуына есеп беру.
- 2.Бірінші жарты жылдықтағы топтардың ұйымдастырылған іс әрекеттер жоспарларының жазылу барысын тексеру қортындысы.
- 3.«Табиғат сыйлары» көрме өткізу
Алғы сөз: тәрбиеші Болатова Нияла

Өткен пед. кеңес қаулысын орындалуы бойынша ортаңғы, ересек топтарында күн ережесінде екінші жартысында ұйымдастырылатын желілі және дидактикалық ойындар құралдары толықтырылып және қолдан жасалған дидактикалық ойын құралдарымен таныстырды.

Баяндау сөз: «GSAltynA» балабақшасының Гулдана Пірімжанқызы, өз сөзінде биылғы оқу жылының бірінші жарты жылдықтағы топтарда ұйымдастырылған іс әрекеттер жоспарларының жазылуын тексеру бойынша әр топ перспективалық жоспарды негізге алғанын атады. Ұйымдастырылатын іс әрекеттер күн бойында өткізілетініне байланысты циклограмма жазу сапасы бағаланды. Қорытып айтқанда барлық топ жоспарлары талапқа сай деп қорытты .

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Алдағы уақытта циклограммада жоспарланатын іс әрекеттерді инновациялық технологияларды енгізу бойынша ұйымдастыру керекті айтылды.

3. Баяндау сөз: «GSAltynA» балабақшасының әдіскері Садуахасова Жанат үшінші сұрақ бойынша «Табиғат сыйлары» көрме өткізу туралы айтты. Көрмеге көкөністер мен жемістерден, жапырақтардан, жаңғақтардан, бүрлерден және басқа да табиғи материалдардан жасалған қолөнер бұйымдары қойылды. Әр топ өз шығармашылық жұмыстарын ұсынып, ата-аналармен бірлескен композициялар жасады. «Табиғат сыйлары» көрмесі жоғары деңгейде

ұйымдастырылып, балалардың шығармашылық белсенділігі артты.

Ата-аналардың қатысуы жақсы деңгейде болды. Көрме балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, табиғатты аялауға тәрбиелеуге ықпал етті.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

«Табиғат сыйлары» көрмесінің тәжірибесі таратылсын.

Экологиялық бағыттағы іс-шаралар жылдық жоспарға енгізілсін.

Белсенді қатысқан ата-аналар марапатталсын.

Төрайымы:

Хатшы :



Г.Алмағанбетова

А. Аппаз

**ЖШС «GSAlytynA» бөбекжай балабақшасының
Педагогикалық кеңесінің**

ХАТТАМА № 4

12.12.2023.жыл

Қатысқандар : 7

Қатыспаған : жоқ

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен пед кеңес шешімінің орындалуына есеп беру.
2. Серуенді іске асыру және ұйымдастыру
3. Балалардың ауыз екі және байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту деңгейі.
4. Балалардың дене шынықтыруда негізгі қимыл игеру деңгейі ортаңғы топ

Алғы сөз: тәрбиеші Бухарбаева Роза

тақырыбы: Серуенді ұйымдастыру және іске асыру жолдары

Мақсаты: Балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру, табиғатпен таныстыру арқылы жан-жақты дамуына жағдай жасау.

Міндеттері:

- Серуенді күн тәртібіне сай жүйелі ұйымдастыру;
- Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- Қозғалыс ойындары арқылы дене дамуын жетілдіру;
- Табиғатты бақылау арқылы танымдық қабілеттерін дамыту;
- Еңбек әрекеттеріне баулу.

Серуенді ұйымдастырудың құрылымы:

1. Дайындық кезеңі:

- Балалардың киінуін қадағалау;
- Қауіпсіздік ережелерін еске түсіру;
- Қажетті құрал-жабдықтарды дайындау (доп, секіртпе, күрекше т.б.).

2. Бақылау жұмыстары:

- Табиғат құбылыстарын бақылау (ауа райы, өсімдіктер, құстар);

- Маусымдық өзгерістерге назар аударту;
- Қоршаған орта туралы әңгіме жүргізу.

3.Қимылды ойындар:

- Ұйымдастырылған қимылды ойындар;
- Еркін ойын әрекеті;
- Жеке және топтық ойындар.

4.Еңбек әрекеті:

- Аула тазалау;
- Гүлдерге су құю;
- Құм алаңын ретке келтіру.

5.Жеке жұмыс:

- Тіл дамыту, санау, түстерді ажырату бойынша жеке тапсырмалар;
- Қимыл дағдыларын жетілдіру.

Серуенді тиімді ұйымдастыру шарттары:

- Жүйелілік және жоспарлылық;
- Балалардың жас ерекшеліктерін ескеру;
- Қауіпсіздік талаптарын сақтау;
- Әр баланың белсенді қатысуына жағдай жасау;
- Ауа райына сәйкес киім үлгісін қадағалау.

Қорытынды:

Серуен – балабақшадағы тәрбие мен білім берудің маңызды бөлігі. Дұрыс ұйымдастырылған серуен балалардың денсаулығын нығайтып қана қоймай, олардың танымдық, әлеуметтік және қимыл-қозғалыс дағдыларын дамытады. Сондықтан серуен мазмұнды, қауіпсіз әрі жоспарлы түрде жүргізілуі тиіс.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Ұсынылған кеңес барлық топтарда іс-тәжірибеде қолданылсын.

Сөз алды: Үшінші сұрақ бойынша тәрбиешісі Болатова Нияля өз баяндамасында балалардың ауызекі және байланыстырып сөйлеу дағдыларының даму деңгейі талданды. Бақылау нәтижесі бойынша тәрбиеленушілердің көпшілігі сұрақтарға жауап беріп, қарапайым сөйлемдер құрастыра алатыны, сурет бойынша әңгіме құрастырып, ертегі мазмұнын айтып беруге дағдыланғаны анықталды. Сонымен қатар кейбір балаларда сөздік қордың жеткіліксіздігі, дыбыстарды

дұрыс айтпау және ойды жүйелі жеткізе алмау қиындықтары байқалады. Тіл дамыту жұмыстары оқу қызметтері, дидактикалық ойындар, көркем әдебиет оқу, сюжетті-рөлдік ойындар арқылы жүргізілуде.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Алдағы уақытта байланыстырып сөйлеуді дамытуға бағытталған жұмыстарды жүйелі жалғастыру және ата-аналармен ынтымақтастықты күшейту ұсынылды.

Сөз алды: Төртінші сұрақ бойынша денешынықтыру нұсқаушысы Алпысбаев Айбек «Балалардың дене шынықтыруда негізгі қимылдарды игеру деңгейі» тақырыбында сөз алды. Ол өз сөзінде, балалардың жас ерекшеліктеріне сай негізгі қимыл-қозғалыс дағдыларын меңгеру деңгейін анықтау және жетілдіру жолдарын қарастыру.

1. Негізгі қимыл түрлері

Мектепке дейінгі және бастауыш жастағы балалар үшін негізгі қимылдар:

- Жүру және жүгіру
- Секіру
- Лақтыру, қағып алу
- Өрмелеу
- Тепе-теңдікті сақтау

2. Игеру деңгейін бағалау көрсеткіштері

Балалардың қимыл дағдылары келесі өлшемдер бойынша бағаланады:

- Қимылдың дұрыстығы
- Жылдамдығы
- Ептілігі
- Үйлесімділігі
- Қауіпсіздік ережесін сақтау

Деңгейлері:

- □ Жоғары – қимылды дұрыс, сенімді, өздігінен орындайды
- □ Орта – қимылды орындайды, бірақ тұрақсыз немесе көмек қажет
- ● Төмен – қимылды орындауда қиналады, үйлесімділігі әлсіз

3. Нәтижеге әсер ететін факторлар

- Баланың жас және жеке ерекшелігі
- Қимыл белсенділігінің жеткіліктілігі
- Отбасындағы дене белсенділігі
- Тәрбиешінің әдіс-тәсілдері
- Материалдық-техникалық база

4. Жетілдіру жолдары

- Қимылды ойындарды көбейту
- Жеке және шағын топпен жұмыс
- Қозғалыс белсенділігін күн тәртібіне тиімді енгізу
- Ата-анамен бірлескен жұмыс
- Қауіпсіз әрі қызықты орта ұйымдастыру

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Негізгі қимылдарды сапалы игеру – баланың денсаулығының, дене дамуының және жалпы мектепке дайындығының маңызды көрсеткіші. Сондықтан жүйелі жұмыс, бақылау және түзету шаралары тұрақты жүргізілуі қажет.

Төрайымы:
Хатшы:



Г.Алмағанбетова
А. Аппаз

ЖШС «GSAltynA» бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңес отырысының № 5 ХАТТАМАСЫ

28 мамыр 2024 жыл

Қатысқандар: – 10

Қатыспағандар – жоқ

Күн тәртібі:

1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. 2023 - 2024 оқу жылындағы балабақшаның жұмысын талдау.
3. 2023-2024 оқу жылы бойынша қорытынды жылдық есеп
4. Жазғы сауықтыру-шынықтыру жоспарын бекіту.
5. Жаңа оқу жылына жылдық міндеттерді анықтау

1.ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі Гулдана Пірімжанқызы №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы мерзіміне сәйкес жүзеге асырылғандына тоқталды. Тәрбиешілер күн тәртібін сақтай отырып, балаларды дамытуға бағытталған іс-әрекеттерді тәрбиеленушілердің жас ерекшелігін ескере отырып жүйелі түрде ұйымдастырып жүргізілгендігін айтты. Сонымен қатар, Гулдана Пірімжанқызы тәрбиешілерге ата-аналармен бірлескен жұмыстарды жүйелі жүргізуге кеңес беріп, алдағы уақытта бірнеше балалардың шығармашылық қабілеттерін әрі қарай дамыту жоспарын ұсынды.

ШЕШІМІ:

1. №4 педкеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп бағалансын.

2.ТЫҢДАЛДЫ

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері тыңдалды. Садуахасова Жанат 2023 - 2024 оқу жылындағы балабақшаның жұмысы, балалардың жан-жақты дамуына бағытталған тәрбиелік-білім беру жұмыстар жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекеттер мемлекеттік стандарт талаптарына сай жүзеге асырылғандығына талдама жасап, 2023–2024 оқу

жылында қойылған мақсаттар мен міндеттер негізінен толық орындалғандығын айтты. 2023–2024 оқу жылы барысында оқу жылының басында, ортасында және соңында балалардың даму деңгейіне жүргізілген мониторинг нәтижесі бойынша балалардың даму көрсеткіштерінде оң динамика байқалды, барлық топ бойынша даму деңгейі төмен балалар мүлдем болмады (0%). Оқу жылы бойындағы тәрбиеленушілердің балабақшаға қатынасы былтырғы жылмен салыстырғанда жоғары деңгейде және олардың аурушандық деңгейінің төмендегендігі байқалғандығын айтты. Оқу жылы барысында кәсіби даму бойынша өткен ашық іс-әрекеттер, семинарлар мен әдістемелік жұмыстарға тоқталып, өз ұсынысын білдірді.

ШЕШІМІ:

2. Балабақшаның 2023 - 2024 оқу жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деп бағалансын.

3.ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша барлық топтың тәрбиешілері мен пән мұғалімдері, 2023-2024 оқу жылында барлық бағыттар бойынша атқарылған жұмыстарға (ата-аналар жиналысы, ашық есік күндері, жеке кеңестер, мерекелік іс-шаралар, күнделікті кері байланыс) қорытынды есеп берді.

СӨЗ АЛҒАНДАР:

Ж.Садуахасова - әдіскер.

Алдағы 2024-2025 оқу жылындағы қосымша үйірме жұмысын қарау туралы ұсыныс білдірді.

ШЕШІМІ:

3. Тәрбиешілер мен мамандардың 2024 - 2025 оқу жылындағы жұмыстары қанағаттанарлық деп бағалансын.

4.ТЫҢДАЛДЫ:

«Жазғы сауықтыру-шынықтыру жоспарын бекіту» бойынша әдіскер Садуахасова Жанат, жазғы сауықтыру жұмыстарының жетістіктері ең алдымен балабақша ұжымының қаншалықты уақытылы және сапалы дайындығымен анықталатындығына назар аударды.Балалардың денсаулығын нығайтудағы педагогтің рөлі, бала денсаулығын сақтау үшін қандай бағытта жұмыс істеу қажеттігін (таңғы жаттығу, дене шынықтыру , серуен) және бала денсаулығын сақтауда дұрыс тамақтану туралы да тоқталды (теңгерімді ас, дәрумендер, су режимі , қол жуу, тазалық, қауіпсіз орта). Балалардың денсаулығын нығайтуда ата-анамен түсіндіру жұмыстарын жүргізудің, яғни бірлескен жұмыстың маңыздылығы айтылды.

СӨЗ АЛҒАНДАР:

Г.Алмағанбетова - меңгеруші.

Жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмыстардың басты міндеттеріне тоқталып, балалардың денсаулығы мен өмірін сақтау және қорғауды қамтамасыз ету үшін жағдай жасап, аса көңіл бөлуді айтты.

Келесі оқу жылында тәрбиешілерді топтарға жасақтау бойынша ұсыныстар айтылды.

ШЕШІМІ:

4. 2024 – 2025 оқу жылының жазғы сауықтыру-шынықтыру жоспары бекітілсін.

Төрайымы:

Хатшы :



Г.Алмағанбетова

А. Аппаз